# Әкімдіктің 2020 жылғы 22 қыркүйектегі № 328 "Карантинді белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

***Күшін жойған***

Қостанай облысы әкімдігінің 2020 жылғы 8 қазандағы № 352 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 қазанда № 9489 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 475 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 24.12.2020 № 475 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 ақпандағы № 7-1/86 "Шектеу іс-шараларын және карантинді белгілеу немесе алып тастау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10414 болып тіркелген) бекітілген Шектеу іс-шараларын және карантинді белгілеу немесе алып тастау қағидаларының 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Қостанай облысының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 01-08/2190 ұсынысы негізінде Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қостанай облысы әкімдігінің "Карантинді белгілеу туралы" 2020 жылғы 22 қыркүйектегі № 328 қаулысына (2020 жылғы 22 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9466 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасында:

реттік нөмірі 2-жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Арқалық қаласы | Родина ауылдық округінің Родина ауылы; Фурманов ауылы; Целинный ауылы |

";

реттік нөмірі 4-жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 4 | Меңдіқара ауданы | Краснопреснен ауылдық округінің Красная Пресня ауылы; Первомай ауылдық округінің Лесное ауылы |

".

2. "Қостанай облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қостанай облысының әкімі* *А. Мухамбетов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК